

Аудиторлық есеп

Ақтоған ауылы

2020 жылғы «03» шілде

№1 дана

1. Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Меркі ауданы Ақтоған ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - мекеме) заңды тұлға ретінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Жамбыл облысының Әділет департаменті Меркі аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 26 желтоқсанында қайта тіркеуден өткен (алғашқы мемлекеттік тіркеу 2002 жылғы 15 шілде).

Мекеменің арнайы есеп шоты: Меркі аудандық Қазынашылық басқармасында тіркелген, нөмірі ЖСК KZ400770103KSN2106000, KZ89070106KSN2106140, БСК KKMFKZ2A, мекеме коды-1236518, 1241766, БСН 020740003022.

Заңды тұлғаның тұрған жері: 080506, Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ақтоған ауылы, Қосбармақов көшесі, 26 үй. Байланыс телефондары: 8-726-32-3-54-19, 3-53-67. aktogan.okrugy@mail.ru

2. Ішкі мемлекеттік аудиттің түрі: тиімділік аудиті.

3. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге тапсырма: Жамбыл облысы әкімі Б.Сапарбаевтың 2020 жылдың 22 маусымдағы №17 тапсырмасы.

4. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізген: Жамбыл облысы әкімінің аппараты ішкі аудит қызметінің бас маманы-мемлекеттік аудитор Кульжан Сундетовна Токбергенова.

5. Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты, нысанасы: Қызметтің тиімділігін бағалау, сонымен қатар «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы» және «Жұмыспен қамту 2020 Жол картасы» бағдарламаларын жүзеге асыру аясында бөлінген бюджеттік қаржының пайдаланылуына аудиторлық іс-шара жүргізу.

6. Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2019 жылдың 1 шілдесінен бастап 2020 жылдың 30 маусымын қоса алғанда.

7. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімі: 2020 жылдың 24 маусымынан бастап 2020 жылғы 30 маусымын қоса алғанда.

8. Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды тұлғалары: Ауылдық округ әкімі Турар Аманбаевич Дулатбаевтың келісімімен және осы мекеменің бас маман-есепшісі Нұрбек Нұртанұлы Нұртановтың қатысуымен ішкі мемлекеттік аудит жүргізілді.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде мекеменің бірінші қол қою құқығы 2018 жылдың 15 мамырынан бүгінгі күнге дейін ауылдық округ әкімі Т.Дулатбаевқа (ЖСН 850121302090) жүктелген, екінші қол қою құқығы қарастырылмаған.

9. Алдыңғы ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:

Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының №2 мемлекеттік аудит бөлімінің бас маманы-мемлекеттік аудиторы Ә.Мамашбайұлының тарапынан 2017 жылдың сәуір айынан бастап 2019 жылдың маусым айын қоса алғандағы аралықта жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың пайдалануына,

бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасаудың анықтығы мен дұрыстығына аудит (сәйкестік аудиті, сыртқы мемлекеттік аудит) жүргізген. Тексеру қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №393 бұйрығының 283-тармағының талабы сақталмай, 2017 жылы 521,0 теңгеге, 2018 жылы 250,0 мың теңгеге, 2019 жылы 276,0 мың теңгеге барлығы 1047,0 мың теңгеге сатып алынған негізгі құралдарға, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2011 жылғы 2 тамыздағы «Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы» №390 бұйрығымен бекітілген «Нысандар альбомының ҰМА-10 нысанды түгендеу карточкаларының тізілімі» тіркелмегені анықталған. Аудит жүргізу барысында сатып алынған негізгі құралдарға түгендеу карточкаларының тізілімі ашылып, тіркеліп қалпына келтірілген.

Аудитпен қамтылған 2019 жылдың қаңтар-маусым айларында, 2018 жылғы 11 мамырдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іс сапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іс сапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» №256 Қаулысының 3-тармағы 2) тармақшасының талаптары сақталмай, іс сапар шығындары пәтерақылары кем төленгені анықталған. Жалпы сомасы 8,2 мың теңге кем төленген іс сапар шығындары аудиторлық іс шара барысында 8-мемориалдық ордер арқылы қалпына келтірілген. (2019 жылғы 16 тамыздағы аудиторлық есебі).

Мекемеде тиімділік аудиті жүргізілмеген.

10. Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер: «Меркі ауданы Ақтоған ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі Меркі ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 19 наурыздағы №103 қаулысымен бекітілген.

Мекеменің міндеттері: ауыл округі әкімнің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету; сондай-ақ жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу.

Мекеменің функциялары:

-жергілікті қоғамдастық жиынын, жиналысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

- жиында қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету;

-ауылдық округтің бюджетін жоспарлау, атқаруды қамтамасыз ету, ауыл әкімінің актілері мен тапсырмаларының орындалуына бақылау жасау;

- ауыл әкімдерінің шешімдерін сөзсіз, түбегейлі және уақтылы орындау;

-ауыл аумағында істің жағдайы туралы уақтылы әрі толық хабардар ету,

т.б.

1. Қызметі бағыты бойынша атқарылған жұмыстарына талдау

Жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді ұйымдастыру, мақұлданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету: жергілікті қоғамдастықтың 14 мүшесі бар, 2019 жылдан бастап жергілікті қоғамдастықтың қатысуымен 8

Шоқұр *Шоқұр*

рет жиналыс және 12 рет бөлек жергілікті жиындары өтіп, оң шешімдер шыққан.

Ауылдық округ әкімінің, ауылдық округ әкімі аппараты қызметтерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ету: атқарылған жұмыстар, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттары туралы аудандық «Меркі тынысы» мен «Меркі ақиқат» газеттеріне мақалалар жарияланған, округ әкімінің «Фейсбук», «Инстаграмм» парақшасында күнделікті округте болып жатқан мәдени, спорттық, экономикалық салалар бойынша посттар жарияланады.

Құқық қорғау саласы бойынша: өз құзыреті шегінде ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық Кодексінің 204 -ші баптарын бұзғаны бойынша 2019-2020 жылдары 1 азаматқа 6312,5 тенге айыппұл салынып бюджетке өтелді, 5 азаматқа санитарлық тазалықты сақтау бойынша жазбаша ескерту берілді.

Жеке және заңды тұлғалардың жазбаша өтініштерін қарау: 2019 жылы жеке тұлғалардан 93 жазбаша өтініш түскен, өтініштер тіркелген, уақытылы және заңға сәйкес жазбаша түрде жауап берілген, 93 өтініш «Айқын» жүйесіне тіркелген, заңды тұлғалардан 6 жазбаша өтініш түскен, тіркелген, уақытылы және заңға сәйкес жазбаша түрде жауап берілген, 6 өтініш «Айқын» жүйесіне тіркелген.

2020 жылы жеке тұлғалардан 27 өтініш түскен, 27 өтінішке уақытылы және заңға сәйкес жазбаша түрде жауап берілген, заңды тұлғалардан 5 өтініш келіп түсті. Оның ішінде 5 өтінішке уақытылы және заңға сәйкес жазбаша түрде жауап берілді.

Ауылдық округ әкімінің азаматтарды жеке қабылдау жүргізулерін ұйымдастыру: 2019 жылы 78 азамат ауызша өтінішпен жеке қабылдауда болды. Ауызша өтінішпен қайырылған 78 азаматқа ауызша түсіндіріліп, әрбір сұрақтарына сыпайы әрі қанағаттанарлықтай жауап берілді.

2020 жылдың I-тоқсанында 21 азамат ауызша өтінішпен жеке қабылдауда болды. Ауызша өтінішпен қайырылған 21 азаматқа ауызша түсіндіріліп, әрбір сұрақтарына сыпайы әрі қанағаттанарлықтай жауап берілді.

Атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныс енгізу: 2019 жылы атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған 159 отбасы. 8 отбасы өздерінің кірісін жасыруына байланысты тағайындалған атаулы әлеуметтік көмекті сотпен қайтарды. Занның талабына байланысты байқауатты отбасыларын және халықтың рұқсатымен үйіндегі мал, құстарын базаға салып есептеген кезде 41 отбасының кірісінің күнкөріс көзінің асуына байланысты тоқтатылды. 2020 жылы Атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған 23 отбасы.

Өнеркәсіп, кәсіпкерлік, туризм саласы: өнеркәсіп және кәсіпкерлік салаларында «ИП Дауленбаева», «ИП Жукеева Рита», «Тілеміс батыр», ЖШС-і жұмыс істейді.

Әскери міндеттілік, әскери қызмет, жұмылдыру дайындығы мәселелерін ұйымдастыру: ҚР «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 19 бабына сәйкес 2019 жылғы көктемгі және күзгі әскери шақырулар ұйымдастырылып, округтен 14 азамат ҚР қарулы күштері қатарына әскери борышын өтеуге жіберілсе, 2020 жылдың 25-маусымына сәйкес әскери қатарына округтен 6 ер азамат жіберілді.

Оқу *Ақ*

Бүгінгі таңда округте 1925-2002 жылдары аралығында жалпы 1851 ер азамат, ал 2021 жылы 18 жасқа толатын 2003 жылы туылған 68 ер азаматтар бар.

Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру, су пайдалану мәселелерін реттеу: округ аумағындағы Ақтоған елді мекенінде ауыз су құбырлары тартылған, ауыз сумен толық қамтылған. Қазақ-Дихан ауылы 2020 жылдың шілде айында ауыз сумен қамтылатын болады. Қазіргі таңда «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы аясында ауыз су жүйесін жүргізу жұмыстары жүріп жатыр.

Елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстар ұйымдастыру: 2019 жылы 1200 түп раушан гүлі, 235 түп аққайың, 60 түп тұя, 8 түп қарағай шыршасы отырғызылды. 2020 жылдың I жарты жылдығына 1314 түп жасыл көшеттер, 2000 түп раушан гүлі отырғызылып көгалдандыруға, абаттандыру жұмыстары жүргізілген. Көктемгі, күзгі абаттандыру көріктендіру-көгеріштендіру, санитарлық тазалықты сақтау айлығын өткізуде округ аумағында орналасқан ұйым-мекемелер, мектептер мен емханалар өздерінің есік алдарын, ғимарат төңіректерін бекітіліп берілген аумақтарын күл-қоқыстардан тазартып санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізген. Көше бойындағы электр бағаналарымен тал-тарақтардың түптері әктелді және әрлеу жұмыстары жүргізілген. Орынсыз төгілген күл қоқыс орындарына рекультивация жасалынған. Округ аумағына санитарлық тазалау жұмыстарын жүргізу үшін келісім шартқа сәйкес «Жасыл Меркі» ЖШС-гі санитарлық тазалау, қоқыстарды арнайы палигонға шығару жұмыстарын жүргізді. Қосымша округтің келбетін күтіп ұстау және санитарлық тазалықты сақтау мақсатында көше бойлары, қоғамдық орындар мен елді-мекен аумақтарында күл-қоқыс пен қатты тұрмыстық қалдықтарды тастауға болмайтындығы және бұл талаптарды өрескел бұзып, орындамаған жағдайда ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 505-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жеке тұлғаларға 20 айлық есептік көрсеткіш ал орта кәсіпкерлік нысандарына 40 АЕК айыппұл салынатындығы туралы 5 дана ескерту тақталары күл-қоқыс тасталған орындарға орнатылған.

2020 жылы округ аумағында Электр бағаналар мен талдар әктеу-сырлау жұмыстары жүргізілсе, мемлекеттік, квазимемлекеттік және кәсіпкерлік нысандарының сырт келбетін реттеу бойынша жұмыстар жүргізілген.

Ақтоған ауылы Қосбармақов №26А меке-жайда орналасқан ҰОС арналған ескерткішті округ әкімі аппараты тарапынан ескерткішті жаңалау жұмыстары жүргізілген.

Жарықтандыру жұмыстары бойынша: ауылдық округте түнгі жарықтандыру нысандардың жыл сайынғы үздіксіз жұмыс істеуіне «ЖЖС-2030» ЖШС-гі электр қуатын таратуды қамтамасыз етуде және «ИП Шымырбаева» түнгі жарықтандыру нысандарын күтіп ұстау қызметтерін атқаруда.

Ауылдық округ аумағында отын-энергетика кешені нысандарындағы жылыту маусымын ұйымдастыру: округ аумағында 2 мектеп, 1 балабақша, 1 мәдениет үйі, 1 денсаулық сақтау нысаны табиғи газбен жылытылады.

Округ аумағындағы «Ерсұлтан», бөбекжай бақшасы жылыту маусымына дайындық жұмыстары округ әкімі аппаратының құзырында. Қазіргі таңда аталған мекемелер табиғи газбен жылытылады.

Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру, су пайдалану мәселелерін реттеу: «ҚазСуШар» мекемесімен 2019 жылы 400,0 мың теңгеге, яғни 7957,66 м3. көлеміндегі суға келісім шарт жасалған, 2020 жылғы көрсеткіш 7241,02 м3. көлеміндегі суға 388,7 мың теңгеге келісім шарт жасалған.

Ауылдық округ бойынша бекітілген мемлекеттік стандарт бойынша халыққа мемлекеттік қызмет көрсету, іс-шараларды ұйымдастыру және осы туралы есебін дайындау, көрсетілетін барлық мемлекеттік қызметтер бойынша стандарттар мен регламенттердің жаңартылуына жауапты және АХАЖ бөлімі арқылы көрсетілетін қызметтерге және құжаттар қабылдау.

АХАЖ бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрі жоқ

Ауылдық округ әкімі аппаратымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асыру: «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты: 2019 жылы нысаналы мақсатын өзгерту бойынша 2 өтініш қабылданып, барлығы уақытында толық қанағаттандырылды. 2020 жылы нысаналы мақсатын өзгерту бойынша өтініш түскен жоқ.

«Тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін жер телімін алуға кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты: 2019 жылы жер телімін алуға 78 азамат кезекке алынды. Барлығына заңда белгіленген мерзімде кезекке алынғандығы туралы жауап берілді. 2020 жылдың I тоқсанында 6 азамат кезекке алынды.

Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік қызмет бойынша 2019 жылы 25 өтініш түсіп, толығымен қанағаттандырылды, 2020 жылдың I жарты жылдығына – 12 өтініш түскен, барлық өтініш толығымен қанағаттандырылып, жолдама берілді.

«Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және үйлеріне кері тегін тасымалдауды ұсыну» мемлекеттік қызметі бойынша қызмет көрсетілмейді, қазіргі кезде бұл қызмет тоқтап тұр.

Мемлекеттік қызметтердің көрсетілу есебі уақытылы жүргізіліп тапсырылып отырады, оның ішінде: газетке мақала тоқсан сайын берледі, ай сайын хаттама толтырылады және мемлекеттік қызмет бойынша есебі тапсырылып отырады.

Ветеринария саласы бойынша 2019 жылдың II жарты жылдық үй шаруашылықтарында малмен құстың есебі: мүйізді ірі қара мал 3443 бас, ұсақ мал 28953 бас, жылқы 1350, құс 5422 дана. 2020 жылдың I жарты жылдық үй шаруашылықтарында малмен құстың есебі: мүйізді ірі қара мал 3540 бас, ұсақ мал 29890 бас, жылқы 1396, құс 6205 дана. Мал дәрілейтін орындар бойынша – Т.Әбілдаев, Т.Әлшеев көшелері бекітілген. Округ аумағында оба, яшур, аусыл т.б мал ауруларының алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, мемлекет тарапынан бөлінген вакциналар толығымен егілген.

Округ

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер: 2019 жылы Ақтоған ауылдық округі бойынша 6,2 млн.теңге салық жиналды, оның ішінде: мүлік салығы жоспар 185,0 мың теңге, орындалғаны 223,9 мың теңге немесе 121,1%. Жер салығы жоспар 160,0 мың теңге орындалғаны 222,8 мың теңге немесе 139,3%. Жеке тұлғалардың көлік салығы жоспар 3200,0 мың теңге орындалғаны 3801,2 мың теңге немесе 118,8%. Жеке табыс салығы жоспар 2071,0 мың теңге орындалғаны 1984,2 мың теңге немесе 95,8% . Аталған салық түрлерінің жоспары толық орындалды.

2020 жылдың I жарты жылдың қорытындысы бойынша 1,9 млн.теңге салықтық түсімдер жиналды, оның ішінде: мүлік салығы 59,7 мың теңге. Жер салығы 72,5 мың теңге. Жеке тұлғалардың көлік салығы 1,0 млн. теңге. Жеке табыс салығы 769,6 мың теңге.

Шаруа немесе фермер қожалықтарын ұйымдастыру, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдем: барлығы 104 жеке шаруа қожалықтары мен «Тілеміс батыр» ЖШС-гі тіркелген. Округтегі 104 шаруа қожалықтардың 22-ы мал өсірумен, қалғандары егіс және мал азығын өндірумен шұғылданады. Ауыл шаруашылық мал саны: мүйізді ірі қара 4 784 бас, қой ешкі 35 462 бас, жылқы 1 714 бас, құс 6 389. Нақты және лизинг шарты бойынша алынған ауыл шаруашылығы техникалар саны 3 (сомасы 24,0 млн. теңге). Округ бойынша ет бағытында құрылған «Ақтоған-2017» кооперативінде 142 мүше тіркелген. Бір күндік өнім көлемі 3 тонна. 3,0 млн. теңге көлемінде субсидия алынды.

Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту бойынша: Әлеуметтік жұмыс орындарына 5 адам жоспарланып, орталықтың жолдамасымен шаруа қожалықтарға жіберіліп, 100% орындалды.

Кәсіпқой емес медиаторлар тізілімін жүргізу:

Ауылдық округтің тұрғын үй қорын түгендеу: ауылдық округі 2 елді мекеннен құрылған. 2019 жылы ауылдық округ бойынша аула саны 631, халық саны 3801 адам, оның ішінде 2 012 әйел адамы, 1 789 ер адамы, 3 740 қазақ ұлты, 61 өзге ұлт өкілдері, экономикалық белсенділер саны 2 412 адам, жұмыс істейтіндер саны 2019 адам, өзін-өзі қамтығандар саны 593 адам, жұмыссыздар саны 40 адам.

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында ауылдық округ бойынша аула саны 640, халық саны 3839 адам, оның ішінде 1988 әйел адамы, 1851 ер адамы, 3780 қазақ ұлты, 59 өзге ұлт өкілдері, экономикалық белсенділер саны 2566 адам, жұмыс істейтіндер саны 2155 адам, өзін-өзі қамтығандар саны 541 адам, жұмыссыздар саны 41 адам, оның ішінде тұрақты жұмысқа орналасқаны 5 адам, белсенді шараға тартылғандар 14 адам, акт толтырылып бас тартылғандар 3 адам, жоғарғы және арнаулы орта білімі барлар 2 адам.

2019 жылы 645 дана және 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында 239 дана отбасы құрамы туралы анықтама берілді. 2019 жыл және 2020 бірінші жарты жылдығында бекітілген көшелер бойынша әрбір аулалар араланып, жеке тұлғалардың мәртебесі анықталып, БЖТ және қарапайым экономика бағдарламасы туралы түсініктеме жұмыстары жүргізіліп, электрондық үй

Шоқұр *Ақ*

шаруашылықтарын есепке алу бойынша өзгерістермен түзетулер енгізілді, тиісті мезгілдерде аудандық статистика бөліміне есептер өткізілді.

Діни тұрақтылықты сақтау мен конфессия аралық келісімді нығайтуда және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуда дін саласында ақпараттық-түсіндіру топтарының әр сала бойынша қызмет ететін 3 азаматтан құралған топ бекітілген. Осы ақпараттық түсіндіру топтарының 2019 жылға арналған жұмыс жоспары да бекітілген.

Ауыл шаруашылық мақсатындағы жер: округтің ауылшаруашылық мақсатындағы жерлер көлемі 12 690 га, оның ішінде егістік 5 819 га, суармалы жері 1 441 га, шабындық 151 га, жайылым 6 543 га. Мал шаруашылығының жайылыммен қамтамасыз етілген жері 6 543 га, оның ішінде елді мекендердің жайылымы 3 275 га, елді мекенге қажетті жайылым 46 000 га.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бағдарламалық құжаттары аясында ауыл халқына микрокредит беруге жәрдемдесу: Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек мемлекеттік бағдарламасының II бағыты аясында 2019-2020 шағын несие алған азаматтар: 2019 жылы ауыл шаруашылық құқығын қорғау қоры арқылы 32 адам микрокредит алды

Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру:

Мүгедектерге көмек көрсету: барлығы 87 мүмкіндігі шектеулі азамат тіркеуде тұрады. Оның ішінде мүмкіндігі шектеулі азаматтардан АӘК (атаулы әлеуметтік көмекке) 2019 жылы тапсырғандар жоқ. 2020 жылы мүмкіндігі шектеулі азаматтардан өтініш түскен жоқ. 2019 жылы Ақтоған ауылдық округтің ұйымдастыруымен ауылдық округтің аумағына қарасты шаруа қожалықтар, жеке кәсіпкерлердің тарапынан 1 мүмкіндігі шектеулі азаматтарға азық - түлікпен көмек көрсетті.

Өз құзыреті шегінде гендерлік саясатты іске асыру: ауылдық округтің аппаратында 2 әйел келісім шарт бойынша жұмыс атқарады.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де функцияларды жүзеге асыру: мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған қарастырылған өзге де функциялардың жүзеге асырып келеді.

Жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді ұйымдастыру, мақұлданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету: Ауылдық округ аумағындағы жергілікті қоғамдастық өкілдерімен кесдесу ұйымдастырылып, жиналыстар өткізіліп тұрады.

2019 жылы ауылдық округтің бюджетін бекіту туралы және бекеітілген бюджетке өзгеріс енгізу туралы 6 рет жиналыстар өткізілді, атқарылатын жұмыстар жобалары туралы 8 рет жиналыстар өткізіліп, мақұлданған шешімдер орындалды.

2020 жылы ауылдық округтің бюджетін бекіту туралы және бекітілген бюджетке өзгеріс енгізу туралы 2 рет жиналыстар өткізілді, атқарылатын

Тоқтұ *Ә.А.*

жұмыстар жобалары туралы 4 рет жиналыстар өткізіліп, мақұлданған шешімдер орындалды.

Ауыл округі әкімі аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған қарастырылған өзге де функциялардың жүзеге асырып келеді. Бағдарламаның аталған мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар анықталған жоқ.

Тексерілген құжаттар тізбесі: «Ақтоған ауылдық округі әкімінің аппаратының» Ережесі, Кіріс, шығыс жинақ папкалары және журналдары. Ақтоған ауылдық округі әкімінің қабылдаған шешімдері, өкімдері және тіркеу журналдары. Жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өтініштері мен тіркеу журналдары. Аудан әкімінің аппарат мәжілісінің хаттамалары, берілген жауаптары. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары бойынша есептер мен жинақ папкасы. Жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өтініштері туралы І-ТӨ есептері. Шаруашылықтар бойынша статистикалық есепке алуды жүзеге асырады. Ауылдық округте шаруашылық кітаптары, шаруа қожалықтарына арналған шаруашылық кітаптары, жинақ папкасы. Мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы құжаттар жинақ папкасы. Әскери міндеттілік және әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы жинақ папкалары және тіркеу журналдары. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы жинақ папкалары.

2. Еңбек ресурстарын бағалау тиімділігі

Мекеменің кадрмен қамтылуы. 2020 жылдың 1 қаңтарына мемлекеттік қызметшілер саны 7 бірлік, техникалық персонал 10 бірлік.

Штат санын бекітуде Меркі ауданы әкімінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №03 «Аудандықбюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың штат санының лимитін белгілеу туралы» және аталған қаулыға өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 24 сәуірдегі қаулылары басшылыққа алынған.

Дулатбаев Турар Аманбаевич «Меркі ауданы Ақтоған ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әкімі, бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келеді, білімі жоғары, диплом №0290367, 2012 жылғы 05 сәуір, «Жамбыл гуманитарлық техникалық университеті», мамандығы «Құқық». Диплом ЖБ №0687405, 20.06.2006 жыл, «МХ. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті», мамандығы «Мемлекеттік және жергілікті басқару», жалпы еңбек өтілі - 14 жыл. Мемлекеттік қызметте 14 жыл. Округ әкімі лауазымында еңбек өтілі 2 жыл 3 ай.

Касимханов Бахытбай Сейтович – бас маман қаржы агенті, бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келеді, білімі арнаулы орта, диплом АТ №095767, 27.02.1981 жыл, «Қазақ ССР Ауылшаруашылық Министрінің Талғар ауыл шаруашылық техникуму», мамандығы «Агроном», педагогикалық еңбек өтілі 46 жыл, мемлекеттік қызметте еңбек өтілі 26 жыл.

Ниязбеков Ергобек Арипбаевич – бас маман, бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келеді, білімі арнаулы орта, диплом Э №110504, 03.03.1979 жыл, «Жамбыл малдәрігерлік техникумы», мамандығы «Зоотехния». Жалпы еңбек өтілі 42 жыл, мемлекеттік қызметте еңбек өтілі 9 жыл.

Тексерілген *Ақтоған*

Нұртанов Нұрбек Нұртанұлы - бас маман бухгалтер, бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келеді, білімі жоғары, диплом ЖББ №0154374, 2008 жылғы 05 мамыр, «Жамбыл гуманитарлық техникалық университеті», мамандығы «Қаржы», жалпы еңбек өтілі - 7 жыл, мемлекеттік қызметте еңбек өтілі 6 жыл 9 ай.

Азат Айдархан Мейрханұлы – бас маман әскери тіркеу орынының (ӨТО) инспекторы, бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келеді, білімі жоғары, диплом ЖБ-Б №0974222, 18.06.2015 жыл, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті», «Техника және технология» мамандығы бойынша білім алған, мемлекеттік қызметте 3 жыл 11 ай.

Жантайбаев Алдаберген Серикович- бас маман іс-жүргізуші, бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келеді, білімі арнаулы орта, диплом НТ-I №432106, 09.07.1990 жыл, «Жамбыл зоотехникалық малдәрігерлік техникумы» «Ауылшаруашылық өндірістегі бухгалтерлік есеп» мамандығы бойынша бітірген, жалпы еңбек өтілі 36 жыл. Мемлекеттік қызметте еңбек өтілі 13 жыл 10 ай.

Кауымбаев Бекжан Токтарбаевич - бас маман әскери тіркеу орынының (ӨТО) инспекторы, бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келеді, білімі жоғары, диплом ЖББ №0015090, 07.04.2007 жыл, «М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті» «Заңтану» мамандығы бойынша бітірген, жалпы еңбек өтілі 12 жыл. Мемлекеттік қызметте еңбек өтілі 7 ай.

Заң нормалары мен кадрлық іс-жүргізудің орындалу барысы туралы: жеке іс құжаттарында құжаттар толық тіркелген, лауазымдық міндеттермен таныстырылған. Қызметкерлердің қызмет өтілін анықтау жөніндегі комиссия жұмыс жасайды, хаттамалар уақытылы толтырылған.

Бағдарламаның аталған мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар анықталған жоқ. *Тексерілген құжаттар тізбесі: еңбек кітапшалары, табельдер, жұмыстан қабылдау, шығару бұйрықтары, қоғамдастық жиналысының хаттамасы, лауазымдық нұсқаулықтар және т.б.*

3.Бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) әкімшілерінің мемлекеттік мекемелердің) міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарын бекіту, оларды орындау процесінде өзгерістер енгізудің негізділігі және орындалуы

2019 жылдың 01 шілде мен 31 желтоқсан аралығында мекеменің бюджеттік бағдарламаларының міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспары 25 647,0 мың теңгеге бекітілген.

124 001 011 «Аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша нақтыланғаны 2380,0 мың теңге, кассалық шығыны 2379,3 мың теңге, жоспар мен кассалық шығын арасында ауытқу 0,7 мың теңге үнемделген қаржы.

Жоспар *Әкім*

124 001 015 «Аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімі қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша нақтыланғаны 15899,0 мың теңге, кассалық шығыны 15898,5 мың теңге, жоспар мен кассалық шығын арасында ауытқу 0,5 мың теңге үнемделген қаржы.

124 008 015 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бағдарламасы бойынша нақтыланғаны 1500,0 мың теңге, кассалық шығыны 1500,0 мың теңге, кассалық шығын мен нақты шығын арасында ауытқу орын алмаған.

124 009 000 «Елді мекендерде санитарияны қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша нақтыланғаны 236,0 мың теңге, кассалық шығыны 236,0 мың теңге, жоспар мен кассалық шығын арасында ауытқу орын алмаған.

124 011 015 «Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру» бағдарламасы бойынша нақтыланғаны 1563,0 мың теңге, кассалық шығыны 1563,0 мың теңге, жоспар, кассалық шығын мен нақты шығын арасында ауытқу орын алмаған.

124 014 015 «Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша нақтыланғаны 400,0 мың теңге, кассалық шығыны 400,0 мың теңге, кассалық шығын мен нақты шығын арасында ауытқу орын алмаған.

124 022 000 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша нақтыланғаны 495,0 мың теңге, кассалық шығыны 495,0 мың теңге, кассалық шығын мен нақты шығын арасында ауытқу орын алмаған.

124 040 000 «Өңірлерді дамыту» бағдарламасының шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы нақтыланғаны 3174,0 мың теңге, кассалық шығыны 3174,0 мың теңге, жоспар, кассалық шығын мен нақты шығын арасында ауытқу орын алмаған.

2020 жылдың 01 қаңтары мен 30 маусымы аралығында мекеменің бюджеттік бағдарламаларының міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспары 21660,8 мың теңгеге бекітілген.

124 001 015 «Аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімі қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша нақтыланғаны 10888,1 мың теңге, кассалық шығыны 10884,4 мың теңге, жоспар мен кассалық шығын арасында ауытқу 3,7 мың теңге үнемделген қаражат.

124 001 028 «Аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімі қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы нақтыланғаны 225,0 мың теңге, кассалық шығыны 216,0 мың теңге, жоспар мен кассалық шығын арасында ауытқу 9,0 мың теңге үнемделген қаражат.

124 001 029 «Аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімі қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша нақтыланғаны 3806,0 мың теңге, кассалық шығыны 3796,9 мың теңге,

Мокш

Алф-

жоспар мен кассалық шығын арасында ауытқу 9,1 мың теңге үнемделген қаражат.

124 008 029 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бағдарламасы бойынша нақтыланғаны 1565,0 мың теңге, кассалық шығыны 1565,0 мың теңге, жоспар мен кассалық шығын арасында ауытқу орын алмаған.

124 011 015 «Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру» бағдарламасы бойынша нақтыланғаны – 1950,7 мың теңге, кассалық шығыны – 1950,7 мың теңге, нақты шығыны – 1950,6 мың теңге, жоспар мен кассалық шығын арасында ауытқу 0,1 мың теңге үнемделген қаражат.

124 011 029 «Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру» бағдарламасы бағдарламасы бойынша нақтыланғаны – 3145,0 мың теңге, кассалық шығыны – 3145,0 мың теңге, жоспар мен кассалық шығын арасында ауытқу орын алмаған.

124 022 029 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша нақтыланғаны 80,0 мың теңге, кассалық шығыны 80,0 мың теңге. жоспар мен кассалық шығынның арасында ауытқу 5,0 мың теңге үнемделген қаражат.

124 048 029 «Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару» бюджеттік бағдарламасы бойынша нақтыланғаны 1,0 мың теңге, кассалық шығыны 1,0 мың теңге, жоспар мен кассалық шығын арасында ауытқу орын алмаған.

Бағдарламаның аталған мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар анықталған жоқ. *Тексерілген құжаттар тізбесі: Ереже, кіріс, шығыс жинақ папкалары және журналдар; округ әкімінің қабылдаған шешімдері, өкімдері және тіркеу журналдары; жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өтініштері мен тіркеу журналдары; аудан әкімінің аппарат мәжілісінің хаттамалары, берілген жауаптары; мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары бойынша есептер мен құжаттар; жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өтініштері туралы есептері; шаруашылық кітаптары, шаруа қожалықтарына арналған шаруашылық кітаптары, мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы құжаттар; әскери міндеттілік және әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы құжаттар; салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы құжаттар.*

2019-2021 және 2020-2022 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламасының орындалуын талдау

Бюджеттік бағдарлама: 001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер».

Бағдарлама мақсаты (түпкі көрсеткіш): жүктелген міндеттерді барынша тиімді орындалуына жету үшін ауылдық округ әкімі аппаратының қызметін және бюджеттік жоспарлауын қамтамасыз ету.

Түпкілікті нәтиже: Ауылдық округ әкімі аппаратының қызметін ұйымдық-құқықтық, ақпараттық-аналитикалық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

Бюджет қаражаты көлемі: 2019 жылы - 25341,0 мың теңге. 2020 жылы – 29716,0 мың теңге, 2021 жылы- 31796,0 мың теңге.

Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері: әкімшілік мемлекеттік қызметшілер штаттық бірліктерін ұстауды қамтамасыз ету - 2019 жылы-7 бірлік, 2020 жылы- 7 бірлік, 2021 жылы -7 бірлік. Техникалық персоналдың штаттық бірліктерін ұстауды қамтамасыз ету- 2019 жылы-10 бірлік, 2020 жылы- 10 бірлік, 2021 жылы -10 бірлік.

Тікелей нәтиже көрсеткіші аппараттың штат санын ұстауға арналған шығындар, түпкілікті нәтиже көрсеткіші 100% орындалған.

Бюджеттік бағдарлама: 008 «Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру».

Бағдарлама мақсаты (түпкі көрсеткіш): мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан шығатын мемлекеттік қызметтерді көрсету.

Түпкілікті нәтиже: елді мекендердің көшелеріне жарықтандыру жұмыстарын ұйымдастыру.

Бюджет қаражаты көлемі: 2019 жылы - 3000,0 мың теңге, 2020 жылы- 3210,0 мың теңге, 2021 жылы-2446,0 мың теңге.

Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері: елді мекендердің көшелерін жарықтандыру, орталық көшелеріне жарықтандыруды ұйымдастыру және күтіп ұстау.

Оның ішінде: 2019 жылы «ЖЖС-2030» ЖШС электр қуатын тасымалдау және тарату қызметтеріне жалпы сомасы 500,0 мың теңгеге 29.11.2019 жылы № Б-47 келісім шарт жасалған, «Шымырбаева Айгүл Төлетайқызы» ЖК Ақтоған ауылындағы Тілеміс және Т.Әлшеев көшелеріне түнгі жарықтандыру орнату жұмысына 500,0 мың теңгеге 23.10.2019 жылы №78 келісім шарт жасалған, «Шымырбаева Айгүл Төлетайқызы» ЖК-і Ақтоған ауылдық округіндегі көшелер жарығының жүйесін күтіп ұстау және ағымдық жөндеу жұмыстарына 2000,0 мың теңгеге 30.01.2019 жылы №02 келісім шарт жасалып жұмыстар жүргізілген.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері 2019 жылы 100% орындалған.

2020 жылы: «ЖЖС-2030» ЖШС-мен 946,0 мың теңгеге 05.01.2020 жылы №Б-47 Ақтоған ауылдық округінің көшелерін жарықтандыруға электрэнергиясын бергені үшін, «ЖК Шымырбаева» 1000,0 мың теңгеге 21.02.2020 жылы №4 Ақтоған ауылдық округіндегі көшелер жарығының жүйесін күтіп ұстау және ағымдық жөндеу жұмыстарына келісім шарттар жасалған.


Бюджеттік бағдарлама: 009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету».

Бағдарлама мақсаты (түпкі көрсеткіш): Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету». Елді мекендегі ретсіз тасталған қоқыстарды тазалау.

Түпкілікті нәтиже: Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету.

Бюджет қаражаты көлемі: 2019 жылы-536,0 мың теңге, 2020 жылы-550,0 мың теңге, 2021 жылы-588,0 мың теңге.

Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері: Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету, елді мекендегі ретсіз тасталған қоқыстарды тазалау.




Оның ішінде: 2019 жылы «Жасыл Меркі» ЖШС-мен 535,7 мың теңгеге 04.04.2019 жылы №30 келісім шарт жасалған.

2020 жылы: Қазіргі таңда «Жасыл Меркі» ЖШС 550,0 мың теңгеге 21.02.2020 жылғы №19 келісім шарт жасалған.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері 2019 жылы 100% орындалған.

Бюджеттік бағдарлама: 011 «Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын жүргізу».

Бағдарлама мақсаты (түпкі көрсеткіш): Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын жүргізу.

Түпкілікті нәтиже: Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру.

Бюджет қаражаты көлемі: 2019 жылы-3592,0 мың теңге, 2020 жылы-74085,0 мың теңге, 2021 жылы-3843,4 мың теңге.

Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері: Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру.

Оның ішінде: 2019 жылы 1000,0 мың теңгеге 17.04.2019 жылы №29 «Меркі су» ЖШС жасыл желектерді суғару, 393,0 мың теңгеге 24.10.2019ж. №77 ЖК «Рыскулов Асхат Оразович» қоршауларды жөндеу бойынша жұмыстары, 150,0 мың теңгеге 20.09.2020ж. №65 Ақтоған ауылдық округіне қарасты электр бағаналарын және ағаштарды әктеу жұмыстары, 75,0 мың теңге 20.09.2019ж. №64 Ақтоған ауылдық округіне қарасты электр бағаналарын бояу жұмыстары, 75,0 мың теңге 20.09.2019ж. №63 арам шөптерді шабу жұмыстары, көктемгі және күзгі дала жұмыстарына сатып алынған тауарлар (әк, бояу, мүшек, қолғап, тыңайтқыштар және т.б шаруашылық тауарлары) барлығы 869,0 мың теңге, «Снаб Трейд» ЖК 300,0 мың теңге 26.03.2019ж. №21 Ақтоған ауылдық округіндегі ескерткіштің ауласына көпжылдық гүлдерді отырғызу жұмыстары, 600,0 мың теңге №22 26.03.2019ж. ЖК «Снаб Трейд» Ақтоған ауылдық округінде жасыл көшеттерді отырғызу жұмыстарына, 130,0 мың теңге №23 26.03.2019ж. Ақтоған ауылдық округіне қарасты егілген сәндік ағаштарды бұтау жұмыстарына келісім шарттар жасалынып, жұмыстар атқарылған.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері: 2019 жылы қаражат 100% орындалған.

2020 жылы. 1150,0 мың теңге 31.03.2020ж. №34 «Нысамбаев Шохан» ЖК Ақтоған ауылдық округінің жасыл желектерді суару жұмыстарына, 360,0 мың теңге 28.03.2020ж. №29 Ақтоған ауылдық округінде жасыл көшеттерді (Қызыл терек 100 дана) отырғызу, 690,0 мың теңге 28.03.2020ж. №28 Ақтоған ауылдық округінде жасыл көшеттерді (Ақ кайың 300 дана) отырғызу, №26 16.03.2020ж. орындалу мерзімін ұзартуға қосымша келісім №26/01 30.04.2020ж. 6144,4 мың теңге «Platinum Group KZ» ЖШС Ақтоған ауылдық округі аумағында «Батыс Европа-Батыс Қытай» авто жолы бойындағы Дендро парктің қоршауы (1187 м) жұмыстары, №27 27.03.2020ж. орындалу мерзімін ұзартуға №27/01 29.04.2020ж. 245,5 мың теңге «QazTerm Inst» ЖШС Техникалық қадағалаушының қызметі Ақтоған ауылдық округі аумағында «Батыс Европа-Батыс Қытай» авто жолы бойындағы Дендро парктің қоршауы (1187 м), №65 20.06.2020ж. «ПроектБизнесГрупп» ЖШС 84,8 мың теңге Авторлық қадағалаушы қызметіне Ақтоған ауылдық округі аумағында «Батыс Европа-Батыс Қытай» авто жолы бойындағы Дендро парктің қоршауы (1187 м), №58

Ожар

А.А.

11.06.2020ж. 5904,2 мың теңге ЖК Махашева Раушан Абзалиевна Жамбыл облысы Меркі ауданы Ақтоған ауылдық округінің «Батыс Европа-Қытай» автотрассасының аумағына кіре берісте паспортты орнату жұмыстарына, №59 09.06.2020ж. 79,7 мың теңге Техникалық қадағалаушының қызметі «QazTerm Inst» ЖШС Жамбыл облысы Меркі ауданы Ақтоған ауылдық округінің «Батыс Европа-Қытай» автотрассасының аумағына кіре берісте паспортты орнату, №70 16.06.2020ж. 6089,0 мың теңге ЖК Шымырбаева Ақтоған ауылдық округі аумағында «Батыс Европа-Батыс Қытай» авто жолы бойындағы Дендро парк объектісінде суару жүйесін орнату, №31 28.03.2020ж. , №32 28.03.2020ж. , №30 28.03.2020ж. ЖК Рыскулов Асхат Оразович көктемгі дала жұмыстарына сатып алынған тауарлар (эк, бояу, және т.б шаруашылық тауарлары) барлығы 525,6 мың тг келісім шарттар жасалынып, жұмыстар атқарылған.

Жұмыспен қамту жол картасы-2020 бағдарламасымен №44 11.05.2020ж. ЖК «Сейсембаев Еренсиз Арыстанбекович» Ақтоған ауылдық округінің Қазақ-дихан ауылына шағын футбол ойын алаңын орнату жұмысына 7500,0 мың теңге, №46 11.05.2020ж. Ақтоған ауылындағы мәдени-сауықтыру паркіне шағын футбол алаңын орнату 5400,0 мың теңге, №48 11.05.2020ж. Ақтоған ауылындағы футбол алаңына жүгіру жолағын орнату 3989,0 мың теңге, №45 11.05.2020ж. Ақтоған ауылындағы шағын футбол алаңын ағымдағы жөндеу 7889,0 мың теңге, №47 11.05.2020ж. Ақтоған ауылындағы мәдени-сауықтыру паркінде спорт алаңдарын орнату 2989,0 мың теңге келісім шарт жасалған. №54 20.05.2020ж. «QazTerm Inst» ЖШС Техникалық қадағалаушы қызметіне Ақтоған ауылдық округінің Қазақ-дихан ауылына шағын футбол ойын алаңын орнату 359,3 мың теңге, №52 29.05.2020ж. Техникалық қадағалаушы қызметіне Ақтоған ауылындағы мәдени-сауықтыру паркіне шағын футбол алаңын орнату 101,1 мың теңге, №50 20.05.2020ж. Техникалық қадағалаушы қызметіне Ақтоған ауылындағы футбол алаңына жүгіру жолағын орнату 200,3 мың теңге, №53 20.05.2020ж. Техникалық қадағалаушы қызметіне Ақтоған ауылындағы шағын футбол алаңын ағымдағы жөндеу 373,6 мың теңге, №51 20.05.2020ж. Техникалық қадағалаушы қызметіне Ақтоған ауылындағы мәдени-сауықтыру паркінде спорт алаңдарын орнату 54,1 мың теңге келісім шарттар жасалған. Авторлық қадағалау қызметіне №67 20.06.2020ж. , №68 20.06.2020ж. «ПроектБизнесГрупп» ЖШС 190,4 мың теңге, №66 21.06.2020ж., №61 16.06.2020ж. ЖК Жусипова Шахризада Арыстановна 23,0 мың теңге келісім шарттар жасалынған. Қаражат төлемдері бойынша 2020 жылдың Қыркүйек, Қазан, Қараша айларында қарастырылған.

Бюджеттік бағдарлама: 014 «Елді мекендерді ағын сумен қамтамасыз ету»

Бағдарлама мақсаты (түпкі көрсеткіш): Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру.

Түпкілікті нәтиже: Елді мекенді ағын сумен қамтамасыз ету.

Бюджет қаражаты көлемі: 2019 жылы 400,0 мың теңге, 2020 жылы 400,0 мың теңге, 2021 жылы-428,0 мың теңге.

Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері: Елді мекендерді ағын сумен жабдықтауды ұйымдастыру бойынша қызметтер.




Оның ішінде: Келісім шарт №4/92 ЮП 01.09.2019ж. «ҚазСуШар» 400,0 мың тг.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері 2019 жылы 100% орындалған.

2020 жыл: «ҚазСуШар» келісім шарт жасау жұмыстары жүргізілуде.

Бюджеттік бағдарлама: 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары».

Бағдарлама міндеттері (түпкі көрсеткіш): Мемлекеттік органның күрделі шығыстары негізгі құралдарды сатып алу.

Бюджет қаражаты көлемі: 2019 жылы - 771,0 мың теңге, 2020 жылы - 412,0 мың теңге, 2021 жылы - 441,0 мың теңге.

Тікелей нәтиже көрсеткіші: аппаратқа моноблок, принтер, кресло, монитор, ел таңбалар сатып алынған.

Түпкілікті нәтиже көрсеткіші 2019 жылы 100% орындалған.

2020-жылы 75,04 мың теңге қаражатқа «ColorPrint Pro» ЖШС келісім шарт жасалып аппаратқа принтер сатып алынған.

Бюджеттік бағдарлама: 040 «Өңірлерді дамыту».

Бағдарлама міндеттері (түпкі көрсеткіш): «Өңірлерді дамыту».

Түпкілікті нәтиже: Экономикалық даму әлеуеті жоғары және орташа ауылдық елді мекендерді жайластыруды жақсарту.

Бюджет қаражаты көлемі: 2019 жылы - 3174,0 мың теңге, 2020 жылы - 3174,0 мың теңге, 2021 жылы - 3174,0 мың теңге.

Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері: 2019 жылы – 3174,0 мың теңге келісім шарт №49 04.06.2020ж. 3174,0 мың теңге «100 шагов века» ЖШС Ақтоған ауылдық округіндегі Ақтоған ауылындағы ойын алаңын ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге жұмсалған.

Тікелей нәтиже көрсеткіші 2019 жылы 100% орындалған.



4. Жұмысшылар және қызметшілермен есеп айырысу, еңбекақы төлеу заңнамасы талаптарының сақталуы

Мекеменің штаттық кестесі бойынша 2019 жылы мемлекеттік қызметшілер барлығы 7,0 бірлікте бекітіліп, жалпы бір айлық жалақы қоры орташа есеппен 836,4 мың теңге, техникалық персонал бойынша 10,0 бірлікте бекітіліп, бір айлық жалақы қоры орташа есеппен 603,5 мың теңгені құраған.

2020 жылдың 1 қаңтарына мемлекеттік қызметшілер барлығы 7,0 бірлікте бекітіліп, жалпы бір айлық жалақы қоры орташа есеппен 842,0 мың теңге, техникалық персонал бойынша 10 бірлікте бекітіліп, бір айлық жалақы қоры орташа есеппен 611,1 мың теңгені құрайды.

Штат кестелерін бекітуде Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңы, Меркі ауданы әкімінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы «Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың штат санының лимитін белгілеу туралы» №03 қаулысы және аталған қаулыға өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 24 сәуірдегі қаулылары басшылыққа алынған.

Мемлекеттік қызметшілер мен техникалық персоналдың (штаттан тыс жұмысшылар) еңбекақыларын жергілікті қазынашылық органынан берілген 5-

15А үлгілеріндегі анықтамаларымен тексеру, салыстыру барысында айырмашылықтар анықталмады. Еңбекақы төлеуде лауазымдық айлықақыларды, тарифтік мөлшерлемелерді, еңбек жағдайлары үшін төленетін қосымша ақылар мен үстемеақыларды белгілеу мен төлеудің дұрыстығы, ай сайын бекітілген табельдер, ведомостар, штат кестелерімен ішінара салыстырылып қаралды.

Мекемеде мемлекеттік қызметшілер мен техникалық персоналға (штаттан тыс жұмысшылар) еңбекақының есептелінуі мен төленуі Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» №1284 Жарлығының, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жалақысын белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілін есептеу қағидалары» №298 Жарлығының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесі» №1127 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулыларының талаптарына сәйкес жүргізілген.

Еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерлері мен төлемдері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларын бекіту туралы» №908 бұйрығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы «Еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақының мөлшерлерін айқындау туралы» №1103 қаулысының талаптары сақталған.

Бағдарламаның аталған мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар анықталған жоқ.

Тексерілген құжаттардың тізбесі: штаттық кестелер, еңбек өтілін анықтау хаттамалары, төлем тапсырмалары, еңбекақы есептеу ведомостары, мемориалдық-ордерлері.

5. Орналасқан алаңдардың, қызметтік автокөлікті ұстаудың, қызметтік телефон байланысын пайдалануда белгіленген нормативтерінің сақталуы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылдың 17 наурыздағы «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» №179 бұйрығының және Жамбыл облысы әкімінің 2018 жылдың 14 маусымдағы «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін

Тоқтар *А.А.*

қызметтік автомобильдерді бөлу және жүру лимиті туралы» №90-ө өкімінің талаптары сақталған.

Мекеме теңгерімінде 1 қызметтік автокөлік тіркелген.

Жанар-жағар майды есептен шығарудың тәртібінің сақталуын, әрбір 100 км. жүргендегі белгіленген мөлшерге сәйкестігіне тексеру барысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 11 тамызындағы «Жанар-жағар май материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы» №1210 қаулысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 наурыздағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы №1210 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №228 қаулысының талаптары сақталғаны анықталды.

Мекеме ғимаратының бос алаңдарын, жабдықтарын немесе құралдарын жалға беру фактілері орын алған жоқ.

Бағдарламаның аталған мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар анықталған жоқ.

Тексерілген құжаттардың тізбесі: жол жүру парақшалары, мемориалдық-ордерлері, шот-фактуралар, төлем тапсырмалары.

6. Тауар-материалдық қорларын және өзге де активтерді тиімді пайдалану, сақталуы және есептен шығарылуы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидасын бекіту туралы» №423 бұйрығының талаптарына сәйкес және мекеменің 04.06.2018 жылғы №1-04/87 өкімі негізінде негізгі құралдарға және тауар-материалдық запастарға түгендеу жүргізіліп, айырмашылықтар анықталмады (түгендеу жүргізу туралы өкімнің тиісті түрде куәландырылған көшірмесі және салыстырмалы тізімдердің түпнұсқалары қосымшада). Мекемеде материалды жауапты тұлғалармен материалдық жауапкершілік туралы келісім шарттар жасалынған. Мекеме есебіндегі әрбір негізгі құралдарға инвентарлық нөмірлер қойылған.

Негізгі құралдардың құнының амортизацияларын есептеу белгіленген нормаларды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2010 жылдың 3 тамызындағы «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы» №393 бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізілген.

Мекемеде аудитпен қамтылған кезеңде негізгі құралдардың және тауар-материалдық запастардың есептен шығарылуының дұрыстығын тексеруде жетіспеушіліктер, кемшіліктер анықталмады.

Бағдарламаның аталған мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар анықталған жоқ.

Мокш *Анф*

Тексерілген құжаттардың тізбесі: негізгі құралдардың инвентарлық карточкалары, материалды жауапкершілік туралы шарттар, мемориалдық ордерлер және т.б.

7. «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы» бағдарламасын жүзеге асыру аясында күрделі жөндеу жұмыстары

Мекеменің 2019 жылғы қаржыландыру жоспарына сәйкес 040 «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша Меркі ауданы Ақтоған ауылындағы ойын алаңын ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 3174,0 мың теңге жоспарланған. Мекеме мен орындаушы ««100 шагов Века» ЖШС-і арасында 04.06.2019 жылы жалпы сомасы 3174,0 мың теңгеге №49 шарт жасалған. Осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-Қосымшаға сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімі жұмыс басталғаны туралы актіге қол қойылған күннен бастап 30 күн ішінде болып белгіленген және 2019 жылдың 04 маусымында жұмыстарын басталған, Тапсырыс беруші және Орындаушы арасында жұмыстарды орындау кестесі бекітілген.

Жұмыстың орындалғандығы туралы актісі 10.07.2019 жылы 3174,0 мың теңгеге жасалып, жұмыстар қабылданған.

Шарттың 8 тармағы «Тараптардың жауапкершілігі» 8.3. тармақшасына сәйкес жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады (өндіреді). **1-тармақ.** Шарт талаптарына сәйкес аталған қызметтер шартта белгіленген мерзімнен 6 (алты) күнге кешіктіріліп аяқталған. Мекеме тарапынан Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43-бабы, 24 тармағының талабы сақталмай, шарттың 8-тармағы, 8.3 тармақшасына сәйкес $(3174\ 000\ \text{теңге} * 0,1\% = 3174\ \text{теңге} * 6\ \text{күнге} = 19044\ \text{теңге})$ айыппұл) жұмыстарды белгіленген мерзімде орындамағаны үшін 19,0 мың теңге өсімдері есептелмеген (шарт, орындалған жұмыстар актісі көшірмелері қоса тіркеледі). Тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы шарт сомасының 10%-нан аспайды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы, 4 тармағы 3)-тармақшасының талабы сақталмай, мекеме тарапынан шартқа сәйкес қабылданған міндеттерін белгіленген уақытта орындамағаны үшін, мердігерді жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінбегені анықталды.

8. Аудитпен қамтылған сұрақтар бойынша тұжырымдама.

Мемлекеттік аудит екі базалық көрсеткіштері «Тиімділік», «Нәтижелілік» және арнайы «Қызметі бағыты бойынша атқарылған жұмыстарына талдау», «Бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар)

әкімшілерінің мемлекеттік мекемелердің) міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарын бекіту, оларды орындау процесінде өзгерістер енгізудің негізділігі және орындалуы», «Еңбек ресурстарын бағалау тиімділігі», «Жұмысшылар және қызметшілермен есеп айырысу, еңбекақы төлеу заңнамасы талаптарының сақталуы», «Орналасқан алаңдардың, қызметтік автокөліктерді ұстаудың, қызметтік телефон байланысын пайдалануда белгіленген нормативтердің сақталуы», «Тауар-материалдық қорларын және өзге активтерін тиімді пайдалану, сақталуы және есептен шығарылуы», «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы» аясында күрделі жөндеу жұмыстары» сұрақтары бойынша жүргізілді.

Мемлекеттік аудит «**Тиімділік**» көрсеткіші бойынша:

«Бюджет қаражатының игерілуі»: 2019 жылы бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға көзделген қаржының игерілу пайызы 100%, Мекеменің бюджеттік бағдарламаларында 2019 жылы жоспарланған іс-шаралар толық орындалған.

Қызметкерлердің сандық-сапалық құрамы: штат саны Меркі ауданы әкімінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы «Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың штат санының лимитін белгілеу туралы» №03 қаулысы және аталған қаулыға өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 24 сәуірдегі қаулыларына сәйкес келеді.

Еңбек ресурстары білім деңгейін, кәсіби-біліктілік деңгейін, атқаратын қызметіне білім деңгейін, мамандығы мен біліктілігі бойынша сәйкестігін, еңбек ресурстарының жалпы және мамандығы бойынша жұмыс өтілін және мерзімін ескере отырып дұрыс пайдаланылған.

Қызметкерлердің білімі, жұмыс өтілі мен біліктілік талаптарына сәйкес. Мемлекеттік аудит «**Нәтижелік**» көрсеткіші бойынша:

Мекеме тарапынан арнайы сұрақтар бойынша - қызметі бағыты бойынша жұмыстар уақытылы, сапалы атқарылуы қамтамасыз етілген, жұмысшылар және қызметшілермен есеп айырысуда еңбекақы төлеу заңнамасы талаптарының сақталған, алаңдар, қызметтік автокөліктерді ұстаудың, қызметтік телефон байланысын пайдалануда белгіленген нормативтердің сақталған, тауар-материалдық қорлар және өзге активтерін тиімді пайдаланған, заңнама талаптарына сәйкес есептен шығарылған, «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы» мемлекеттік бағдарламасының мақсаты мен міндеттеріне: халықтың тұрмыс сапасын жақсарту, аудандарды дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту қол жеткізуде бағдарлама аясында күрделі жөндеу жұмыстары сапалы.

Нәтижелік көрсеткіш «Ауылдық округ аумағында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру»: ауылдық округ аумағында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз етілген, округ әкімі қызметі атқараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілген.

11. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудегі кедергілер: кедергі жасау фактілері туралы мәліметтер жоқ.

12. Ішкі мемлекеттік аудит барысында қолданылған шаралар:

Функционалдық және лауазымдық міндеттері негізінде жіберілген бұзушылықтарға қатысы бар «Меркі ауданы Ақтоған ауылдық округі әкімінің



аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің лауазымды тұлғаларынан жазбаша түсініктемелер алынды.

Аудиторлық есеп екі (үш) данада жасалды.

Қосымшалар: 76 парақта.

- 1) ішкі мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы жөніндегі талап – 2 парақта (1-2 бетте);
- 2) ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер тізілімі – 5 парақта (3-7 бетте);
- 3) 1-кесте. Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау жөніндегі ақпарат – 1 парақта (8-бетте);
- 4) 24.06.2020 жылғы №1-04/87 түгендеу жүргізу туралы өкімнің тиісті түрде куәландырылған көшірмесі және салыстырмалы тізімдердің түпнұсқалары – 19 парақта (9-26 бетте);
- 5) Мекеменің 2019-2021 және 2020-2022 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары көшірмелері – 35 парақта (27-61 бетте);
- 6) Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт, жұмыс орындау кестесі, орындалған жұмыстар актілерінің көшірмелері – 15 (61-75 бетте) парақта;
- 7) функционалдық және лауазымдық міндеттері негізінде жіберілген бұзушылықтарға қатысы бар тұлғаның жазбаша түсініктемесінің тиісті түрде куәландырылған түпнұсқалары - 1 парақта (76 бетте).

Жамбыл облысы әкімінің аппараты ішкі аудит қызметі

**Ішкі аудит қызметінің
бас маманы-мемлекеттік аудитор**



К.Токбергенова

**«Меркі ауданы Ақтоған ауылдық округі әкімінің аппараты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Ауылдық округ әкімі:

Т.Дулатбаев

Аудиторлық есепті таныстырған күні:
02 «шілде» 2020 жыл

Ауылдық округ әкімі:

Т.Дулатбаев



Қарсылықтардың бар екені туралы белгі: _____